

Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлерін және субсидиялардың нормаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы әкімдігінің 2015 жылғы 25 мамырдағы № А-6/227 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 22 маусымда 4835 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2015 жылғы 17 қарашадағы № А-11/529 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 17.11.2015 № А-11/529 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Тыңайтқыштардың құнын (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 574 қаулысына сәйкес, облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1 . Б е л г і л е н с і н :

осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері және отандық өндірушілер сатқан тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) субсидиялар нормалары;

осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері және тыңайтқыштар жеткізушіден және (немесе) шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) субсидиялар нормалары.

2. «Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлерін және субсидиялардың нормаларын белгілеу туралы» Ақмола облысы әкімдігінің 2014 жылғы 30 маусымдағы № А-6/276 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4258 болып тіркелген, «Арқа ажары» және «Ақмолинская правда» газеттерінде 2014 жылғы 12 шілдеде жарияланған) қаулысының күші жойылды
д е п т а н ы л с ы н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары
Қ . М . О т а р о в қ а жүктелсін .

4. Облыс әкімдігінің осы қаулысы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысының әкімі
«КЕЛІСІЛДІ»

С.Кулагин

Қазақстан
Ауыл шаруашылығы министрі
2015 жылғы 25 05

Республикасының
А.Мамытбеков

Ақмола облысы әкімдігінің
2015 жылғы 25 мамырдағы
№ А - 6 / 2 2 7 қаулысына
1-қосымша

**Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері және отандық өндірушілер
сатқан тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына)
субсидиялар нормалары**

Рет №	Субсидияланатын тыңайтқыш түрлері	Өлшем бірлігі	Бір бірліктің құнын арзандату пайызы	Бір бірлікке субсидиялар нормасы теңге
1	Аммофос (N-10%; P ₂ O ₅ -46%)	тонна	50	45 000
2	Аммиак селитрасы (N-34,4%)	тонна	50	28 900
3	«Б» маркалы «МЭРС» микротыңайтқышы	литр	50	5 000
4	Фосфорит ұны (P ₂ O ₅ -17%)	тонна	50	8 210
5	Хлорлы калий (K ₂ O ₅ -42%; KCL-65%)	тонна	50	44 000
6	Түйіршіктелген күкіртқышқыл калий (K ₂ O ₅ -53%)	тонна	50	106 000
7	Супрефосазот-серосодержащий «Супрефос-NS»	тонна	50	43 500
8	Калий Нитраты YaraLivaCalcinit	тонна	50	89 000
9	KristalonCucumber 14-11-31	тонна	50	260 500
10	KristalonSpecial 18-18-18	тонна	50	218 000
11	KristalonRed 12-12-36	тонна	50	233 000
12	KristalonYellow 13-40-13	тонна	50	254 500
13	Қарапайым суперфосфат (P-15%; K ₂ O-2%)	тонна	50	21 281

Ақмола облысы әкімдігінің
2015 жылғы 25 мамырдағы
№ А - 6 / 2 2 7 қаулысына
2-қосымша

**Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері және тыңайтқыштар
жеткізушіден және (немесе) шетелдік тыңайтқыш өндірушілерден сатып
алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына)
субсидиялар нормалары**

Рет №	Субсидияланатын тыңайтқыш түрлері	Өлшем бірлігі	Бір бірліктің құнын арзандату пайызы	Бір бірлікке субсидияла нормасы, теңге
1	Карбамид (N-46,3%)	тонна	30	28 200
2	Аммоний сульфаты (N-21%)	тонна	30	17 700
3	Нитроаммофоска (N15:P15:K15)	тонна	30	36 000
4	Нитроаммофоска (N16:P16:K16)	тонна	30	38 100
5	Аммиак селитрасы (N-34,4%)	тонна	30	20 700
6	Аммофос (N-10%; P ₂ O ₅ -46%)	тонна	30	37 500
7	Нутривант Плюс Зерновой	килограмм	30	450
8	Нутривант Плюс Масличный	килограмм	30	450
9	Нутривант Плюс Картофель	килограмм	30	450
10	Нутривант Плюс Рис	килограмм	30	450
11	Нутривант Универсальный	килограмм	30	450

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК